



Жаңартылған білім беру бағдарламасы

Орындаған: Жумабек Акбопе

112-топ студенті



**Мемлекетіміздің білім беру
үдерісіне енген жаңартылған
білім беру бағдарламасы —
заман талабына сай келешек
ұрпақтың сұранысын
қанағаттандыратын тың
бағдарлама.**



Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты – білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

Бұл бағдарламаның дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі:

- 1. Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі.**
- 2. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;**
- 3. Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі**
- 4. Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;**
- 5. Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру**
- 6. Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;**
- 7. Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;**
- 8. Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу)**

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ- ны қолдану , коммуникативті қарым–қатынасқа түсу, жеке, топта, жұпта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықпен қолдана білу.

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

I Жалпы мәлімет

- 1. Пәннің маңыздылығы
- 2. Оқу бағдарламасының мақсаты
- 3. Үштілділік саясатын жүзеге асыру
- 4. Оқыту үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар
- 5. Педагогикалық әдіс-тәсілдер
- 6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет сезімін қалыптастыру
- 7. АКТ қолдану құзыреттілігі
- 8. Коммуникативті дағдыларды дамыту
- 9. Оқу жетістігін бағалау

II Оқу мақсаттарының жүйесі

- 1. Пәннің мазмұны
- 2. Оқу мақсаттарының жүйесі
- 3. Ұзақ мерзімді жоспар

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ



ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ

Қалыптастырушы бағалау – оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін бағалаудың түрі болып табылады.

ҚБ ерекшеліктері:

- қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды;
- ҚБ тоқсандық бағаға әсер етпейді;
- оқушылардың оқу мақсаттарына жеткендігі бағалау критерийлеріне сәйкес жүзеге асады;
- әр оқушының ілгерілеуі туралы кері байланыс беріледі.

БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

- БЖБ саны оқу бағдарламасына сәйкес анықталады
- БЖБ өткізу ұзақтығы 15-20 минуттан артық болмағаны ұсынылады. 15-20 минуттық шектеу – шартты болып келеді, бұл – сабақтың бір бөлігін қамтитын, шағын тапсырмалардан тұратын бағалау жұмыстарын қолдану қажет екендігін көрсетеді.
- БЖБ-ды қандай түрде (бақылау, практикалық, шығармашылық жұмыс, проект, ауызша сұрау, эссе және т.б.) және қай сабақта өткізетінін мұғалім өз бетінше анықтайды
- БЖБ тапсырмаларын құрастыру кезінде тек өтілген материалдарды ғана қамту керек
- БЖБ үшін тапсырмалар мен дескрипторларды мұғалім өз бетінше құрастырады (әдістемелік нұсқаулықта берілген тапсырмаларды қолдануға рұқсат етіледі)
- БЖБ-да максималды балды дескрипторларды ескере отырып, мұғалімнің өзі анықтайды
- БЖБ өткізу тоқсан аяқталғанға дейін кемінде 1 апта бұрын жоспарланады
- Мұғалімге кез келген қолжетімді және қолайлы формада (электрондық күнделік арқылы ақпараттандыру қарастырылуда) БЖБ нәтижелері туралы оқушыны, ата-ананы ақпараттандыру қажет

ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

- **Тоқсандық бағалау жұмыстарын және балдарды қою кестесін әзірлеу бір параллельдегі барлық сыныптар үшін біркелкі Тест спецификациясы негізінде жүзеге асырылады**
- **Тоқсандық жиынтық жұмыстар әр түрлі болуы мүмкін (тест, сынақтар, бақылау жұмысы және т.б.)**
- **Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу кестесі мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп, тоқсан басында ата-аналар мен оқушылардың назарына жеткізіледі.**
- **Тоқсандық жиынтық жұмыс бір параллель үшін бірдей жағдайда өткізіледі**
- **Тоқсандық жиынтық бағалауды қайтадан орындауға (көшіруге) болмайды**
- **Егер оқушы тоқсандық жиынтық бағалауға белгілі бір себептермен қатыса алмаған жағдайда (ауырып қалуы, конференцияға, олимпиадаға және басқа да ғылыми жарыстарға қатысқан жағдайда), пән бойынша орындай алмаған тоқсандық жиынтық жұмысын мектепке келгеннен кейінгі екі апта ішінде орындауы тиіс; бұл жағдайда тоқсандық жиынтық бағалау жұмысының қосымша нұсқасы қолданылады**

ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ


Бағалаудың аталған рәсімдерін ұйымдастыру, жоспарлау кезінде жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныста берілген тапсырмалар үлгілері бар **тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы** қолданылады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы мазмұнын, құрылымын анықтайтын келесі ақпараттардан тұрады:

- тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты;
- пән бойынша күтілетін нәтижелер;
- пән бойынша ойлау дағдылары деңгейлерінің сипаты;
- ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты тексерілетін мақсаттарды тоқсандарға бөлу;
- тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу ережесі;
- тоқсандық жиынтық бағалауға шолу;
- тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы;
- тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері;
- тапсырмалардың балл қою кестелері.

Әр мектептің ұсынылған үлгілерді қолдануына немесе өз бетінше тапсырмалар құрастыруына мүмкіндігі бар. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру спецификацияға сәйкес бір параллельдегі барлық сыныптарда бірыңғай талаптар негізінде жүзеге асырылады.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТОҚСАНДЫҚ БАҒАСЫН ЕСЕПТЕУ ҮЛГІСІ



1-бөлім /о.т. бойынша ЖБ		2-бөлім /о.т. бойынша ЖБ		3-бөлім /о.т. бойынша ЖБ		Тоқсандық ЖБ	
Балл	Макс. балл	Балл	Макс. балл	Балл	Макс. балл	Балл	Макс. балл
7	10	8	10	4	12	15	20
15%		15%		20%		50%	
2,1	3	2,4	3	1,3	4	7,5	10

$$2,1 + 2,4 + 1,3 + 7,5 = 13,3 \text{ из } 20$$

$$13,3 \sim 66,5\%$$

Балды бағаға айналдыру шәкілі (бастауыш сыныптар үшін)

- "1" 0-20%
- "2" 21%-40%
- "3" 41%-60%
- "4" 61%-80%
- "5" 81%-100%


Оқушының тоқсандық бағасы «4»

*Балдар мен бағалардың есебі автоматты түрде электрондық журналда жүзеге асырылады

ОҚУ ЖОСПАРЫ

- **Ұзақ мерзімді жоспар**
- **Орта мерзімді жоспар**
- **Қысқа мерзімді жоспар үлгісі**

- **ҰМЖ-бір жылға ұсынған тақырыптық жоспар**
- **ОМЖ-белгілі бір уақыт аралығында іске асырылатын жұмыстың жеке бөліктерін жоспарлау (әр тоқсанға жазылған оқу жоспары, оқу мақсаттары, іс-әрекеттер)**
- **ҚМЖ-мұғалімнің күнделікті оқытатын сабақтарының сызбасы (сабақ жоспары)**



Қысқа мерзімді жоспардың құрылымы

- Тақырыбы

- Мақсаттары

Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді.

Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан сөйлеу әрекеттерінің ретін, төртінші сан нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.1. кодында “1”- сынып; “2.1” дағдылар; “1” –оқу мақсатының реттік нөмері.

- Тапсырмалар

- Бағалау критериялар

- Дескрипторлар

- Кері байланыс

- Рефлексия

ДЕСКРИПТОРЛАР МЕН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІН ҚҰРУ

Тапсырма сабақ тақырыбына емес, оқу мақсатына сәйкес беріледі!!!

Тапсырмалар құрастыру үшін мұғалімге:

- оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен танысу, оқыту мақсаттарына талдау жасау;
- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;
- тапсырма құрастыру кезінде бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;
- бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;
- әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру ұсынылады.



**Назарларыңызға
рахмет!!!**